

*Байтелиева Ж.Д.  
Филология ғылымдарының кандидаты  
С.Демирел атындағы университет*

### **Лингвистикалық қазақ және түрік терминдерінің зерттелуі**

Қазақ тіл білімінде лингвистикалық терминдер әр жылдары Ж.Молдажаров (1972), Е.Әбдірәсілов (1999), А.Қоңырова (2003), Г.Бекқожановалардың (2009) зерттеулеріне арқау болды. Аталған зерттеушілердің барлығы дерлік лингвистика терминдерін кандидаттық диссертация деңгейінде қарастырды. Сондай-ақ, І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов, Ғ.Қалиев, С.Аманжолов, Э.Сүлейменова сияқты тілші ғалымдар қазақ тілі лингвистикалық терминдерінің сөздіктерін жариялады.

XX ғ. басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы ретінде, яғни, қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми терминологиясының қағидаттарын жасаушылардың бірі деп А.Байтұрсынұлын айтуға толық негіз бар. Қазақ тіл білімінің негізін салумен бірге А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын қалыптастырды. Оның жасаған терминдері тіл білімінің барлық салаларында қолданыс тапқан. Көбінесе фонологияда, лексикология, орфография, морфологияда, стилистикада, синтаксисте және салыстырмалы типологияда кездеседі. Оның терминдерінің осы уақытқа дейін құндылығын жоймай, қолданыста болуының бір себебі, ғалым жасаған терминдер тілтаным сұранысына толықтай жауап бере алатындығында. Оның ғылыми еңбектері тек тілтаным саласын ғана емес ғылымның басқа да салаларын қамтыды.

А.Байтұрсынұлының осындай ауқымды еңбегінен кейінгі лингвистикалық терминдерге қатысты үлкен жұмыс, алғашқы тіл білімі терминологиялық сөздігі, 1956 ж. жасалды. І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың «Тіл білімінің орысша-қазақша» сөздігінде 3000-ға жуық тіл білімі терминдері енгізілді. Сол кездегі жалпы терминологиямен қатар тіл білімі терминдері мен терминжасамдағы басты кемшіліктер туралы С.Аманжолов пен А.Әбдірахманов көрсетіп берген болатын, олар: 1) термин сөздің қасиетін білмеушілік, балама табуда ойланбай бірдеме ала салушылық; 2) бір ұғымға әртүрлі сөз қолданып, сөздің терминдік қасиетін кетірушілік; 3)

халықаралық терминдердің мәнін түсінбей, оларды кейбір сөздермен шатастырып қолданушылық; 4) қазақ тілінде толық баламасы бола тұра, аударуға қолы батпаушылық; 5) жалпы халыққа түсінікті емес терминдер ұсынушылық [1].

Қандай да бір терминологияны сөздіктер мен зерттеу еңбектерінде топтастыру өте ауқымды, әрі көп уақыт алатын күрделі үдеріс екендігі белгілі. Осындай үдерісті игеру үшін, терминолог-лексикографтар тарапынан қажырлы еңбек пен әртүрлі деңгейдегі жүйелі жұмыстар керек.

Қазақ, ағылшын лингвистикалық терминдерінің құрылымдық және семантикалық сипатын зерттеген Г.Бекқожанова [2] сөздіктердегі терминдердің парадигматикасын салыстыру нәтижесінде қазақ тіл білімі сөздіктерінде көптеген терминдердің жетіспеушілігі байқалады деген пікір айтады. Сөйтіп өз тарапынан біраз қазақша лингвистикалық түсіндірме сөздіктерде кездеспейтін терминдерді анықтамасымен ұсынады. Дегенмен бұл терминдер түгелге жуық ағылшынша нұсқасымен алынған, тек анықтамалары қазақша берілген.

Осыған орай профессор Б.Қалиевтің: «Ылғи да шетке жүгіне, жүгіре бермей өзімізде бар сөздерді біртіндеп тілімізге кірістіре берсек несі ерсі?! Бұрынғысын қайдам, бүгін жарасым тапқан жақсы сөздерге жанашырлық көрсету парыз. Әрине дәл баламасы жоқ сөздер туралы әңгіме басқа. Ал, көзге де, көңілге де үрке бермей, оларды жас ұрпаққа үйретсек, ұтпасақ ұтылмаймыз» [3] - деген пікірін ескергеніміз жөн секілді.

1992 жылы Б.Бекетовтің «Түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің қысқаша салыстырмалы сөздігі» жарық көрді. Бұл сөздікте түркі тілдерінің ішіндегі тек қазақ, қарақалпақ, өзбек тілдеріндегі лингвистикалық терминдер тізімі салыстырыла отырып берілген.

Осы жерде бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген түркі халықтарының тілінде терминдерді орыс тілі арқылы енген еуропалық қалпы күйінде алудың басымдығын байқауға болады. Мұны түрік тілімен салыстыра отырып көз жеткізе **аламыз**. Кеңес Одағының құрамына кірмеген, географиялық алшақтықта орналасқан Түркияда шығу тегі еуропалық терминдерді дыбыстық өзгеріске түсіріп немесе өз тілдеріне аударып қабылдау басым келеді. Сөзімізді нақтылау үшін бір-екі мысал келтірсек. Мысалы: фонологияны «сес билими» десе, басқа түркі тілдерінде «фонология» деп беріледі; фонема «сес бирими//фонем», басқа түркі

тілдерінде «фонема»; грамматика «грамер», басқа түркі тілдерінде «грамматика»; морфология «чекіл билгиши», басқа түркі тілдерінде «морфология»; синтаксис «жумле билгиши //сентакс» басқа түркі тілдерінде «синтаксис».

С.Қ.Әлісжанов «Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау мәселесіне» атты мақаласында түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасауға негіз болатын мына мәселелерге назар аударымызды ұсынады [4]:

1.Түбір ортақтығы – түркі тілдері терминдер жүйесін түзеуде ортақ терминологиялық қор жасаудың табиғи көзі.

2.Туыстас тілдердің термин жасау үлгілерін игеруді дағдылы іс-әрекетке айналдыру. Бұған дейінгі қазақ пен түрік тілдері арасында осы сөз алмасудың болғаны белгілі (учак//ұшақ, хаваалан//әуежай т.т.).

3.Академик Ә.Қайдаровтың сөзімен айтқанда: «Түркі дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен бір шарасы – бір әліпбиге негізделген ортақ түркі жазуын қалыптастыру» (Қайдаров Ә. Ортақ тіл жасау ма, әлде ортақ тіл табысу ма? // Ана тілі, 1998, 22 қаңтар).

С.А.Аманжоловтың авторлығымен 1997 жылы шыққан «Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі» 1999 ж. толықтырылып, қайта басылды.

Ғ.Қалиевтің тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде 1500-ге жуық лингвистикалық терминдерге анықтамалар берілген. Сондай-ақ, ҚР МемТерминком бекіткен: «Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік» (әдебиет және лингвистика терминдері) сөздігінде шамамен 3000-дай термин қамтылған және Э.Сүлейменованың «Тіл білімі сөздігінде» 1300-ге жуық лингвистикалық терминдер енгізілген.

Қазақ және түрік тілдері терминологиясының даму **жолдарын** қарастырған Мехмет Кахраман өз ізденісінде түрік тіліндегі сөздердің терминдену үдерістерін оның ерекшеліктеріне, қалыптасу себептеріне байланысты беске бөледі және бұны әрі түрік терминологиясының тарихи даму кезеңдері ретінде атап көрсетеді [5]:

1. 1100-1839 жж. кезең: классикалық кезең. Селжұқ және Осман кезеңіндегі терминология;

2. 1839-1876 жж. кезең: Танзимат кезеңі. Араб тілінен қабылданған жаңа терминдердің пайда болуы;

3. 1878-1908 жж. кезең: I Конституциялық басқару кезеңі. Араб тілінен терминдерді қабылдаумен қатар түрік тілінде де терминдер жасауға ден қойған кезең;

4. 1908-1927 жж. кезең: II Конституциялық басқару кезеңі – өтпелі кезең. Араб тілінен термин жасауға шектеу салынып, түрік тілді түбірлерден, егер ол болмаса шетелдік түбірлерге түрік тіліндегі қосымшалар арқылы термин жасау кезеңі;

5. 1923 -2000 жж. кезең: Ұлттық терминология кезеңі. Бұл кезеңде барлық терминдер түрік тілді түбір және қосымшалар арқылы жасалатын кезең. Бұл кезең өз ішінен 3-ке бөлінеді:

А) 1923-1945

Ә) 1945-1980

Б) 1980-2000

XIX ғ. бас кезінде түрік тілі лексикасының терминдену үрдісінде түрік зиялы қауым өкілдері және зерттеушілердің орны айрықша болды. Олардың ішінде, Шемседдин Сами, Зия Гөкалп, Өмер Сейфетдиннің маңызды орын алатындығы және олардың көптеген тіл білімі, грамматикалық кітаптар жазғандығын атап өту керек. Лексикалық терминдену тәсілінде тілде бұрыннан бар ұғымның белгілі бір ұқсастығы негіз болады. Мысалы: жалпы қолданыста қосымша (ек) деп бір нәрсенің үлкен бөлігіне қосылған ұсақ бөлігі немесе бір затқа содан кейінгі қосылатын бөлігі, тіл білімінде түбір сөзге жалғанып, сөздің лексикалық мағынасын өзгертетін, сөздің грамматикалық мағынасын түрлендіретін сөз бөлшегін айтамыз. Осы тұста профессор Ш.Құрманбайұлының: «Бұрыннан бар ұғым мен жаңа ұғымның арасында осылар сияқты қандай да бір ұқсастықтар болмаса жаңа терминнің туындауына мотивациялық негіз болмаған болар еді» деген пікірін еске түсіргіміз келеді [6].

Мехмет Кахраман жалпы ғылымның термин шығармашылығында сөз болып отырған тәсілді пайдалану арқылы жасалған терминдерді өз алдына екіге бөлуге болатындығын сөз етеді. Біріншісі – жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасын метафоралау жолымен, екіншісі – сөз мағынасын нақтылау арқылы терминдік мағына жүктеу жолымен жасалған терминдер.

Бұл термин жасау тәсілі бойынша ұғымдарды ұқсату арқылы сөздің бастапқы мағынасы метафоралау жолымен жасалған : (чеким) рай, (көк)

түбір, (сатыр) тармақ, (пекиштирме) шырай, (кеже) буын, (бағлач) шылау т.б. терминдерді атап көрсетуге болады.

Бүгінгі таңда түркология, түркі тілдерін байланыстыра зерттеу, оның ішінде Кеңес Одағы тұсында ешқандай байланыссыз дамыған қазақ, түрік тілдерін салыстыра зерттеу ісі қарқынды дамуда. Тіл білімінің қай саласын алсақ та, осы екі тілдегі лингвистикалық терминдер сипаты қалай деген сұрақ бәріміздің де көкейімізде тұрғаны анық. Сондай-ақ, бүгінде қазақ, түрік тілдерінде лингвистикалық еңбектерге аударма жұмыстары және оқулық жазу істері де қарқынды дамып отыр. Осыған орай жоғарыда атап отырған мәселелерді іске асыру жолында лингвистикалық түсіндірме сөздіктердің қажеттілігі дау тудырмайдығы, осыған байланысты екі тілде қандай еңбектер бар, қай дәрежеде зерттеліп жатыр деген секілді мәселелерге шолу жасауды мақсат еттік.

Сөзімізді қорытындылай келе, қазақ, түрік немесе түркі лингвистикалық терминдерінің түсіндірме сөздігін жасау ісі – бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Аманжолов С., Әбдірахманов А. Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы Социалистік қазақстан, 1958ж., 15 январь, № 12.

2 Бекқожанова Г. «Лингвистикалық терминдердің құрылымдық және семантикалық сипаты (қазақ, ағылшын тілдері негізінде)». Алматы, 2009

3 Қалиев Б. Тағы да ғылыми терминдерді аудару туралы // Егемен Қазақстан, 15 мамыр, 1996 ж.

4 Әлісжанов С.Қ. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау мәселесіне (лингвистикалық терминология материалдары негізінде) // Еуразия университетінің Хабаршысы. № 1, 1999.

5 Мехмет Кахраман «Түрік, қазақ тілдері терминологиясының даму жолдары және лингвистикалық терминдер» Астана, 2009

6 Ш.Құрманбайұлы (Қазақ лексикасының терминденуі. –Алматы: Ғылым, 1998, - 42 ):

*В данной статье рассматривается исследование лингвистических терминов в казахских и турецких языках.*